

# Жарқын болашақтың жаңа оқулығы

**Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында Ақпараттық кітапхана кешенінің үй-ымдастыруымен «Жаңа гуманитарлық білім» оқулықтарымен профессор - оқытушылар құрамын таныстыру және оқу бағдарламасына енгізу мәселесін талдау» тақырыбында семинар өтті.**

Семинар барысында «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының оқытушылары тіл мен әдебиетке, яғни 6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиет» мамандығына қатысты жаңа оқулықтармен жан - жақты таныстыруды.

Атап айтсақ, аға оқытушы Бақытқул Ағзамқызы Таутина Джали Ривкин мен Майкл Райанның редакциялауымен құрастырылған 4 томдық «Әдебиет теориясы» антологиясының төрт томындағы қарастырылған өзекті мәселелер жайлар баяндап берді.

Оқулықтың I томында структуралық, постструктуралық, лингвистика, нарратология, феноменология, эмпирикалық зерттеулер бағытындағы құнды пікірлер мен тың көзқарастар топтасқаны жайлайтылса, ал II томында постструктуралық ағымын жан-жақты саралаға арналған философиялық толғамдарға және оның әдебиетпен, тіл білімімен, пси-

хологиямен арақатынасына арналған. Францияда пайда болып, АҚШ және неміс ғалымдарының зерттеулерінде көбірек көрініс тапқан постструктуралыздың қайнар көздері, оның жеке ағым ретінде өрістеуі әдебиеттегі трансгрессиялық, яғни бұзып-жару идеяларымен астарласа зерделенгені және жазу мен сөйлеудің байланысы, таңбаның классикалық теориясын жаңаша пайымдау, бейсаналық пен тіл, автор мен шығарма сияқты күрделі мәселелер кеңінен қозғалатыны туралы жан - жақты мазмұнды мағлұматтар беріп өтсе, кафе-драмыздың аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі Гүлжан Кенжекей-қызы Айдарова швед ғалымы Торе Янсонның «Тіл тарихына кіріспе» атты еңбегіне тоқталада келіп, автор бұл еңбегінде тілдердің қалай пайда болып, қалай жоғалатынын айтып қана қоймай, болашағы жоқ тілдерге де тоқталғанын және кітап негізінен лингвистика тарих факультеттерінің студенттері мен оқушыларына арналғанымен, тілші ғалымдарға, тілдердің тарихына қызығатын көпшілікке де қызықты екенін баса айтты.

Сондай - ақ, кафедрамыздың аға оқытушысы, магистр Ардақ Әмірханқызы Абдуллина ғалым Стивен Пинкердің «Тіл - инстинкт» атты туындысына тоқталды. Зерттеушінің «Тіл - инстинкт» атты бұл кітабы қоғамда қызығушылық түдірганы үшін Америка пси-

хология қауымдастырының және Америка лингвистика үйімінің сыйлығымен мәраппатталған жайлар және бұл классикалық еңбек қөшшілік ойындағы тілге қатысты сан түрлі сұраққа жауап беретіні туралы айта келе, оқулықтағы 2, 6, 9 бөлімдердің мазмұнымен оқырмандарды қысқаша таныстырып өтті. Таныстыру барысында ғалым Стивен Пинкердің өмірі мен шығармашылығын таныстыру мақсатында арнайы жасалған слайдтар көрсетілді. Жалпы, ғалымдардың еңбектері туралы баяндаған кезде қысқаша аннотациялармен шектелмей, авторлардың өмірі мен шығармашылығы туралы қызықты деректерге де тоқталды.

Кафедра оқытушылары таныстыру барысында тұндарманың жалықтырмай, бір қарағанда тым күрделі болып корінетін лингвистика ғылымын қазіргі жастаңдардың көзқарасымен салыстыра отырып, әлемнің інжу - маржаны танылған кітаптардың мән - маңызын айшақтай түсті. Жарқын болашақтың жаңа оқулығы - білім алушылар үшін, әрі профессор - оқытушылар үшін де - таптырмас білім көзі болып табылады. Ғалымдардың еңбекі білім саласындағы жаһандық бәсекеге неғұрлым бейімделеген мамандардың даярлауда септігін тигізтері анық. Демек, 100 жаңа оқулықтың қоғамдық сананы жаңғыртудағы рөлі ерекше.

**Ардақ АБДУЛЛИНА,  
Ы.Алтынсарин атындағы  
АрқМПИ доценті.**